

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 699	▼ -0,53%	▲ 14,2%
NASDAQ	22 740	▼ -0,93%	▲ 17,9%
DJIA	46 590	▼ -0,71%	▲ 9,9%
CBOE Volatility Index (VIX)	19	▲ 4,09%	▲ 3,7%
Еуропа			
FTSE 100	9 515	▲ 0,93%	▲ 15,2%
DAX	2 034	▼ -0,69%	▲ 19,3%
Азия			
Hang Seng	25 782	▼ -0,94%	▲ 31,4%
Nikkei 225	48 641	▼ -1,37%	▲ 21,9%
Shanghai SE	3 914	▼ -0,07%	▲ 20,0%
Қазақстан			
KASE	6 934	▼ -0,54%	▲ 22,1%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,53%-ға төмендеп, \$6 699,40 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 0,93%-ға азайып, \$22 740,40 деңгейіне жетті; DJI 0,71%-ға арзандап, \$46 590,41 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары – Consumer Discretionary (+1,9%), Industrials (+0,8%) және Information Technology (+0,7%) секторлары болды. Төмендеген секторлар – Utilities (-0,8%) және Consumer Staples (-0,6%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 764 026 967 226	▲ 0,6%	▼ -2,0%	▲ 22,3%
Consumer Discretionary	6 415 201 474 557	▲ 1,9%	▼ -0,2%	▲ 12,1%
Consumer Staples	3 278 468 194 263	▼ -0,6%	▲ 1,8%	▼ -5,5%
Energy	1 657 518 841 250	▲ 0,2%	▼ -2,9%	▼ -1,2%
Financials	8 127 725 896 241	▲ 0,4%	▼ -2,1%	▲ 12,5%
Industrials	4 746 380 686 540	▲ 0,8%	▲ 1,5%	▲ 8,4%
Information Technology	20 574 743 636 226	▲ 0,7%	▲ 2,2%	▲ 25,6%
Materials	979 980 485 377	▲ 0,0%	▼ -1,3%	▼ -7,8%
Real Estate	1 129 915 756 378	▲ 0,1%	▼ -0,9%	▼ -7,1%
Utilities	1 360 624 783 264	▼ -0,8%	▼ -4,9%	▲ 14,8%
Health Care	5 451 436 828 891	▲ 0,6%	▲ 5,9%	▼ -1,2%

Кеше америкалық қор индекстері корпоративтік есептіліктің әркімкі нәтижелерінен кейін төмендеді. Инвесторлар Netflix компаниясының әлсіз есебінен және Дональд Трамп әкімшілігінің АҚШ технологияларын пайдаланып жасалған бағдарламалық қамтамасыз етуді Қытайға экспорттауға шектеу қоюды қарастырып жатқаны туралы жаңалықтардан кейін сақтық танытты. Бұл факторлар технологиялық сектор мен жаңандық сауданың болашағына қатысты алаңдаушылықты күшейтті.

Netflix акциялары кварталдық табысы сарапшылардың күткенінен төмен шыққаннан кейін 10,1%-ға құлдырады. Компания табыстың төмендеуін Бразилиядағы салық дауына байланысты 619 миллион доллар көлеміндегі шығынмен түсіндірді. Инвесторлар мұны стриминг алыбы акцияларының шамадан тыс бағалануының белгісі ретінде қабылдады. Бұдан бөлек, Texas Instruments акциялары табыс пен кіріс бойынша әлсіз болжамдардан кейін 5,6%-ға төмендеп, технологиялық секторға қысым түсірді.

Саяси жаңалықтар да нарықтағы белгісіздікті арттырды. АҚШ президенті Дональд Трамп Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпинмен «өте сәтті кездесу» өткізетініне сенімді екенін айтты, алайда айдың соңында Оңтүстік Кореяда өтеді деп жоспарланған кездесудің болмауы мүмкін екенін де жоққа шығармады. US Bank Wealth Management компаниясының ұлттық инвестициялық стратегы Том Хайлиннің айтуынша, Вашингтон мен Бейжің арасындағы сауда қақтығысы жалғасуда және, мүмкін, екі ел басшыларының жеке кездесуі өткенге дейін шешілмейді. Осы жағдайда кейбір технологиялық компаниялардың әлсіз нәтижелері инвесторлардың алаңдаушылығын одан әрі арттырды.


Бұл уақытта нарық қатысушылары үкімет жұмысының үш аптаға тоқтап қалуына байланысты ресми экономикалық деректердің болмауынан кейін жаңа макроэкономикалық сигналдарды күтуде. Сирек қолжетімді көрсеткіштердің бірі – жұма күні жариялануы тиіс инфляция деректері. Болжамдарға сәйкес, қыркүйек айындағы базальық тұтыну бағалары индексі жылдық мәнде 3,1% деңгейінде сақталады, бұл Федералдық резерв жүйесінің 2% мақсатты көрсеткішінен айтарлықтай жоғары. Соңғы бес жыл бойы инфляция 3%-дан жоғары деңгейде қалып, ФРЖ-ның қатаң ақша-несие саясатын сақтау күтулерін күшейтіп отыр.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	356	0%	30,0%
Банк ЦентрКредит	4 675	0%	104,0%
Kcell	3 365	-1%	-0,4%
Казатомпром	27 566	-4%	34,8%
КазТрансОйл	855	-1%	3,8%
KEGOK	1 479	0%	-2,7%
Kaspi.kz	41 660	-1%	-24,0%
КазМунайГаз	22 316	1%	52,5%
Эйр Астана	836	3%	-26,8%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	538,08	-0,01%	2,6%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,13	1,73%	-20,5%
EUR/USD	1,1610	0,10%	13,1%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.